

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

УДК: 336.64

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ НЕСИЕЛІК ҚОРЖЫНДАРЫН СЕКЬЮРИТИЗАЦИЯЛАУ

Бекмұрат Дана Бекмұратқызы

*danajan\_b@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 1 курс магистранті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., профессор Есымханова З.К.

Секьюритизация (ағылшынша «securites» - бағалы қағаздар) бұл бағалы қағаздарға рәсімделген несиелерді инвесторларға сатуды білдіреді. Мұндай инвесторларға банктер жатады.

Секьюритизациялау үдерісі облигация шығарумен байланысты компаниялардың тәуекелдерін азайтып, оларды банктерге қарай аударады


Несиелік қоржынды секьюритизациялау банктерге мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: өтімділігін реттеуге, несиелік қоржын құрылымын ықшамдауға, несиелер бойынша шегетін зияндарға байланысты провизиялар құру шығыстарын азайтуға, өзінің қызметін және табыстарын әрі қарай әртараптандыруға, «банк-клиент» бизнестік байланысын нығайтуға.

Несиелік қоржынды секьюритизациялауға байланысты қызметтерді дайындау және енгізу үдерісі арнайы технологиялық операцияларды қамтиды. Бұл жүйе немесе үдеріс несиелік қоржынды секьюритизациялауға байланысты кешенді түрде шешетін банкте құрылымдық бөлімшені құруды көздейді.

Секьюритизациялау үдерісі берілген несиелерге және жаңадан берілетін несиелерге жүргізілуі мүмкін.

Берілген несиеге қатысты алсақ, онда клиент облигация шығарсымен банк оның облигациясын сатып алады және клиент келісілген мерзім ішінде несиеге қайтарады. Бұл процедура несиелеу шегі екі есе өспеу үшін бір күн ішінде жасалуға тиіс.

Облигацияның купоны және өтелімі бойынша сыйақы төлеу тетігі несие бойынша негізгі қарызға төленетін пайыздық төлемдер мен өтелімдерге тең болуға тиіс. Эмитент облигацияны шығарғаннан кейін купондық төлемдерін 0,5 %-ға кем төлейді, осындай шығыстардан қалған бөлігі банктің табысына жатады. Бастапқы сатыда банк эмитентпен бірлесе отырып, облигация шығарудың құрылымы мен өлшемдерін келісіп алады. Банк пен клиенттің арасындағы өзара қарым-қатынас сызбасы 1-суретте берілген.



*Сурет 1- Банк пен клиенттің арасындағы өзара қарым-қатынас сызбасы*

1-суреттегі келтірілген процедураларды дұрыс жүргізу үшін мынадай шараларды өткізу қажет:

- Эмитенттің акционерлерінің жалпы жиналысын өткізіп, онда облигацияның шығару құрылымы және өлшемдері туралы шешім қабылдау, эмитенттің бағалаушысы мен тіркеушісін анықтау қажет.

- Кепілге қатысты құжаттарды банктің атына рәсімдеу;

- Кепілге қоятын мүлікті бағалағандығы туралы бағалау қорытындысы мен аудиторлық қорытындыны алу.

- Банк пен клиент арасында екі жақты келісімшартқа қол қою, онда шығарылған барлық облигацияларды банктің міндетті түрде сатып алуы туралы шарт болуға тиіс.

Несиелік қоржынды секьюритизациялау банкке мынадай артықшылықтар береді:

- ол банктің активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімді құралы ретінде қызмет етумен қатар нарықтық тәуекелдердің салдарын азайтуға мүмкіндік береді;

- банктің несиелік қоржынының құрылымын ықшамдайтын қолайлы құрал ретінде қызмет етеді;

- несиелеудің стандартты сызбасында пайдаланылатын несиелер бойынша зияндарға байланысты құрылатын резервтерді төмендетуге ықпал етеді;

- облигациялық займдарға қызмет көрсету барысында комиссиялық табыс түрінде қосымша табыстарды алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл жерде банк облигацияны ұстаушы және төлеуші агент ретінде болады;

- клиенттің алдағы уақыттарда сыйақы мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігінің болмауы;

- банк активтерінің өтімділігін арттырады;

- банктің құрылымдық бөлімшелеріне жекелеген комиссиялық сыйақы түрінде табыс алуға мүмкіндік жасайды (бонустық жүйе);

- өңірлердегі клиенттердің несиелерін секьюритизациялағаны үшін, банк филиалдары облигациялар бойынша купондық төлемдерді азайтқаны үшін бонус түрінде табыс алуы мүмкін.

Несиені секьюритизациялау барысында эмитент мынадай артықшылықтарға қол жеткізеді:

- шығарылатын облигациялар бойынша пайыздарды төлеу доллар бағамына қатысты индексацияланған болып келеді, ол өз кезегінде салықтық төлемдерді ықшамдауға ықпал етеді, яғни клиент өзінің жиынтық жылдық табысынан шегерімдеріне ҚҰБ-нің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін жатқызады.

- Пайыздар бойынша төлемдер жүйесі икемді;


- PR-компанияның қор нарығында болуы, яғни жаңа нарық сегментінде клиентті жарнамалауға ықпал етеді.

- Бағалы қағазды шығару облигацияларды тікелей эмиссиялау арқылы жүзеге асады. Облигацияның эмиссиялау сызбасы 2-суретте берілген.



Сурет 2- Облигацияның эмиссиялау сызбасы

Эмиссиялау үдерісіне бірнеше тарап қатынасады. Бұл жерде қаржылық кеңесшінің рөлі жоғары, яғни ол клиенттің тапсырмасы бойынша барлық қатысушылармен жұмыс жасайды. Әдетте, инвесторлар үшін ақпараттың ашықтығына кепіл беруші және ондай ақпараттың шынайылығына жауапты қаржылық кеңесші ретінде кез келген бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы бола алады. 3-суретте эмиссиялау үдерісінің қатысушылары берілген.



Сурет 3- Эмиссиялау үдерісінің қатысушылары

Қаржылық кеңесші клиентке мынадай жұмыс кезеңдерінде көмек көрсетеді:

- Облигацияны шығару туралы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін даярлауда.
- Тіркеуге алу және листингке шығаруға арналған құжаттарды даярлауға.
- Құзіретті ұйымда облигацияның эмиссиясын тіркеуге алып, оған идентификацияланған номер алуға.
- Қор биржасында листингтен өту барысында;
- Банктің облигацияны сатып алу барысында;
- Қайталама нарықта өтімділікті қолдау барысында және облигациялар бойынша маркет-мейкер қызметін атқаруға.
- Эмитенттің қаржылық жағдайына зерттеулер жүргізуге.

Облигацияны эмиссиялау құрылымы Қазақстан қор нарығы үшін стандартты болып табылады. Облигацияны эмиссиялау шарты төмендегі кестеде келтірілген.

|                                      |                                                                       |
|--------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| Эмитент                              | Қарыз алушы                                                           |
| Облигацияның номиналдық құны         | 100 АҚШ долларына балама                                              |
| Эмиссиялау көлемі                    | Несиенің сомасына тең                                                 |
| Облигация түрі                       | Атаулы, купондық, құжатсыз, индекстелген, кепілмен қамтамасыз етілген |
| Шығаратын облигациялардың жалпы саны | Облигацияны эмиссиялау көлемі келісілген соң анықталады               |
| Айналыс мерзімі                      | Несиенің берілетін мерзіміне тең                                      |
| Купонды төлеу мерзімі                | Тоқсан сайын немесе жарты жылға бір рет                               |
| Купон мөлшерлемесі                   | Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі                                     |

Эмитент шығару барысында бір рет және облигацияның айналыс мерзімі ішінде шығарылатын көлеміне қарай пайызбен және АҚШ долларында шығындалады және ол туралы төменде келтірілген:

|                                 | Шығаруда  | Жыл сайын |
|---------------------------------|-----------|-----------|
| Листингтік алым*                | 0,025     | 0,025     |
| Қаржылық кеңесшінің қызметі     | 0,5       | -         |
| Маркет-мейкер                   | -         | -         |
| Тіркеушінің қызметі             | 230       | 100       |
| Бағалаушының/аудитордың қызметі | 1000-1500 | -         |
| Мүмкін болар үстеме шығындар    | 500-1000  | -         |

\* - листингтік алым тұрақты болып табылады

Несиелік қоржынды секьюритизациялауда ең бастысы банктің сатып алған облигацияларының мерзімдерінің орташа өлшемді шамаларын (дюрации - D) анықтау керек және ол үшін таза ағымдағы құнды (net present value - NPV) есептеу көмегімен әрбір төлемдер ағымын жалпы төлемдер ағымының құнындарына қатынасын есептеу қажет.

Дюрацияны (D) мынадай теңдеу көмегімен есептеуге болады:

$$D = \frac{\sum (NPV_t \cdot T_t)}{\sum NPV_t} \quad t = 1, \dots, n.$$

мұндағы D - дюрация;

t = 1, ..., n - ақшалай қаражаттар алатын мерзімдер саны;

T – ақшалай қаражаттар алу мерзімі;

NPV – ақшалай қаражаттардың ағымдағы құны.

Қорыта айтқанда несиелік қоржынды секьюритизациялаудың мынадай тиімділіктерін айту қажет:

- қор нарығының дамуына ықпал етеді;
- қарыз алушылардың негізгі қарыздары бойынша пайыздарды төлеуіне бақылауды күшейтіп, коммерциялық банктерде қаржылық менеджменттің тиімділігін арттырады;
- облигацияларды шығарушы эмитенттер мен оларды сатып алушы банктер үшін облигацияның тиімділігі арта түседі;
- банктердің активтердің өтімділігін реттеу құралы ретінде қызметт етеді;
- банктердің несиелік қоржындарының тиімді басқару құралдарының біріне жатады;
- «банк-клиент» бизнес байланысын нығайтады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Блаунт Э. Секьюритизация: экономический VS-регулируемый капитал // Вестник АРБ, 2010, № 2
2. Ларионова И.В. Управление активами и пассивами в коммерческом банке /Москва Изд. «Консалтбанк» 2003.
3. Панова Г.С., Кредитная политика коммерческого банка. – М.: ИКЦ «ДИС», 1997.